

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Логопедтік «Еркемай» тобы

Балалардың жас: аралас (3-4 жастағы)

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы

Қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін</p>

		<p>тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдылырын қалыптастыру Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға,</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.</p>
Көркем әдебиет		<p>Оқу әңгімелеу Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру</p> <p>Мәнерлеп оқу Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Мазмұндау Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Көп Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Саны, себі Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шамасы Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу</p> <p>Геометриялық пішіндер Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p>Кеңістікке балу Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында.</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту (жел, су, күн, ауа) Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгіме жүргізу. Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).</p> <p>Заттар әлемі Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Жол ережелері Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс</p>

	құралдарымен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу
Құрастыру	<p>Құрылыс материалының құрылысы Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу</p> <p>Қағаз құрылысы Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдынала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Конструктор бөліктерінен құрастыру Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Сюжетті сурет салу Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік сурет Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p> <p>Сәндік мүсіндеу. заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндеуге уйрету.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру Ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Сәндік жапсыру Геометриялық фигуралардың (дөңгелек,</p>

		<p>шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p>
	Музыка	<p>Музыка тындау: Әртүрлі сипаттағы, қарқындылығы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту.</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p>